Әлихан Бөкейхан атындағы
№76 мектеп-лицейі

***Өзін-өзі басқару ұйымының 2022-2023 оқу жылының жылдық есебі***

Нұрсұлтан 2023ж

**«Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК 2022-2023 оқу жылының жылдық бойынша оқушылар парламенті**

**ЕСЕБІ**






28.12.2022ж Әлихан Бөкейхан атындағы#76 мектеп-лицейінде "Жұлдыздар шеруі" атты іс-шара өтті. Мақсаты: 2022-2023 оқу жылының бірінші жарты жылдығында түрлі интеллектуалдық, спорттық, шешендік, би, сурет, сәндік

қолөнер, робототехника, шахмат, ән айту, аспапта ойнау сияқты сайыстардан жүлделі орындарға ие болған оқушыларымызды одан әрі шабыттандыра отырып, өзге оқушыларға үлгі ету. Мектебіміздің жарық жұлдыздарының жетістіктері - еңбекқорлықтың, табандылық пен жауапкершіліктің, терең білім алуға деген талпыныстың нәтижесі екенін түсіндіру.

https://www.instagram.com/p/CnCkaxrsF25/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==





Әлихан Бөкейхан атындағы #76мектеп-лицейінде Құндылықтарға бағытталған білім беру жобасы аясында оқушылардың қысқы демалысын тиімді әрі денсаулыққа пайдалы етіп өткізу мақсатында 8-9 сынып ұлдары арасында шағын футболдан турнир ұйымдастырылды. Турнирге 7 сынып ұлдарының құрама тобы да қатысып, нәтижесінде жүлделі 1 орынға ие болды. 2 орынды 9 "Ж" сыныбы жеңіп алса, 3 орынды 8 "Д" сыныбы иеленді!

Салауатты өмір салтын ұстанып, жеңіске деген ерекше күш-жігер танытқан оқушыларымызға RESPECT!

https://www.instagram.com/p/CnHoCikrmrI/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==




14.01.2022 ж

Астана қаласы, ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН АТЫНДАҒЫ №76 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНДЕ пікірсайыс клубының ұйымдастрыуымен мектебімізде "Ұлттық дебат"турниріне іріктеу ойындары өткізілді.

Нәтижесі төмендегідей:

Қазақ лигасы: 1-орын "Әлихан ұрпақтары" командасы Исмагулова Жансая, Әзірбек Еркеназ ең жоғарғы нәтиже көрсетіп,

аудандық іріктеу ойындарына жолдама алды.

Құттықтаймыз! Алдағы аудандық кезеңде сәттілік серіктеріңіз болсын!!!

#bilimastana

#nursultan

#румцдмонрк

#білімбасқармасы

@bilimastana @modernastana

https://www.instagram.com/p/CneQ0RirDTy/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==





19.01.2023 ж

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН АТЫНДАҒЫ 76 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ ШЖҚ МКК де 19 қаңтар күні Астана қаласы білім мекемелерінде «Қар десанты» еріктілер эстафетасы өтті.

 Барлық өзін-өзі басқару мүшелері, мектеп-лицейіміздің белсенді оқушылары, еріктілер эстафетаға қатысты. Жалпы эстафетаның мақсаты: патриоттық және адамгершілік тәрбие, жастардың кәсіби және шығармашылық әлеуетін дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау.

Астана қаласының қала мектептері челлендж эстафетаны Ақмола облысына тапсырды!

@oqu_agartu_ministrligi

@bilimastana

@parlament_school_student

@gani.beisembayev

@pm_76sch @pm_76sch @pm_76sch

https://www.instagram.com/reel/CnmZWuBOR-p/?igshid=MzRlODBiNWFlZA%3D%3D




Әлихан Бөкейхан атындағы #76мектеп-лицейінде Құндылықтарға бағытталған білім беру жобасы аясында МЕЙІРІМДІЛІК айына сәйкес ұйымдастырылған ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘРМЕҢКЕСІНЕ 1-11сынып оқушылары үлкен дайындықпен келген.






Жәрмеңкенің мақсаты:

- Оқушыларға жоғары адами құндылық-мейірімділікті дәріптеп, қайырымды, жанашыр, кішіпейіл болуды насихаттау;
- Қаржылық сауаттылықтарын дамыту;
- Адал ұрпақ тәрбиелеу.

Жәрмеңкенің жоғары дәрежеде өтуіне ат салысқан мейірімді ата-аналарымыз бен жүректері кең оқушыларымызға АЛҒЫС білдіреміз!

Сауапты істе бір болайық!

https://www.instagram.com/tv/Cnr-uO5PPV9/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==









22.02.2023 ж

АСТАНА ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН АТЫНДАҒЫ 76 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ ОҚУШЫЛАР ПАРЛАМЕНТІ

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті 1 наурыз Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күніне орай "Азаматтық қорғау саласының білімпазы" атты қалалық жарыс ұйымдастырды.

Қалалық жарыс 2 кезеңнен құралды.

- Алғашқы кезеңде барлық қала мектептері «Азаматтық қорғау саласындағы ең үздік жадынама» тақырыбында зерттеу жұмыстарын тапсырды. 1 кезеңнің нәтижесінде мектеп-лицейіміздің оқушылары 1 орынды иеленіп, алға суырылып 2 кезеңдік оффлайн ойындарға жолдама алды.

2 кезеңде оқушылар 4 тур бойынша практикалық, интеллектуаллық, логикалық білімдерін, іс-тәжірибелерін шыңдады, соның нәтижесі бойынша ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН АТЫНДАҒЫ 76 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ жүлделі 2 орынға ие болып Республикалық кезеңге жолдама алды!

Жетекшісі: Саукимова Аяулым Лаукелқызы

Құттықтаймыз!!!

[https://www.instagram.com/p/Co9cLrur-WP/?igshid=MzRlODBiNWFlZA](https://www.instagram.com/p/Co9cLrur-WP/?igshid=MzRlODBiNWFlZA)==






Бүгін Бейбітшілік пен келісім сарайында балалар мен жасөспірімдерге арналған XVI "ШАТТЫҚ - 2023" қалалық байқауының гала-концерті өтті.

"ШАТТЫҚ-2023" байқауына 123 елордалық білім мекемелерінен жеті мыңнан астам 8 бен 18 жас аралығындағы балалар қатысты. Қатысушылар 7 номинация бойынша бақтарын сынады. Нәтижесінде 63 алтын, 95 күміс, 125 қола жүлде және 600 дипломмен марапатталды.

БІЗДІҢ ӘЛИХАН МҰРАГЕРЛЕРІ "ШАТТЫҚ-2023" БАЙҚАУЫНДА "ХОРЕОГРАФИЯ" номинациясы бойынша АЛТЫН жүлдеге ие болды!

"ТҰЛПАР" БИ АНСАМБЛІНІҢ БИШІЛЕРІ МЕН ЖЕТЕКШІСІ СЫМБАТ БАУЫРЖАНУЛЫН ЖЕҢІСТЕРІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ! □□□

Оқушыларымыздың өнері өрге жүзсін, қанаттары талмай биіктерге самғай берсін!

https://www.instagram.com/p/CrL6rm1LqOE/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==



26.12.22 күні Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейінде мектеп парламентінің ұйымдастыруымен "Қауіпсіздік, құқық бұзушылықтың алдын алу" атты 5-6 сыныптарға арналған тренинг өткізілді.

Тәртіп құндылығына бағытталған өзекті мәселер талқыланды.

Мектеп инспекторы өз мамандығы жайлы ашық айтып, оқушыларды тура жолға бағыттады.

Қазіргі кездегі ең ауқымды мәселе, электронды темекінің қоғамға және ағзаға зияндығына тоқталып өтті.

 Тренингтің мақсаты: Оқушылардың өз еркіндіктері мен өз құқықтарын білу,дамыту. Оқушылар бойындағы кез-келген жағдайға байланысты еркіндігін ашу. Құқықтық негіздерін әрқашанда біліп жүруге бейімдеу.

https://www.instagram.com/p/ConEXyJjWZI/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==




pm_76sch

1-Наурыз, Алғыс айту күніне орай, баршаңызды мейраммен құттықтап, сіздерге өз ризашылығымыз бен алғысымызды білдіреміз! Ата-анамызға, ұстаздарымызға жер-анамызға, достарымызға, табиғатқа, Жаратқанға алғыс айтамыз. Осы күнге дейін бағып-қағып, аялап өсіріп, жетілдіріп келе жатқан ата-анаға; Білгенін өзіңе жақсы деп, бар білгенін, түйгенін үйретіп, бізге бағыт-бағдар беретін ұстаздарымызға; Қасымызда адал дос болып, сырымызбен бөлісе алатын, барша құрдас, жора-жолдасқа МЫҢ АЛҒЫС! ❤

https://www.instagram.com/reel/CpQA8LFDQF9/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==




ДИСКОТЕКА 90
ЖЫЛДАРЫНАН




Құрметті Әлихан Бөкейхан атындағы

№76 мектеп-лицейінің 8-11-сынып оқушылары!

❣Қыздар қауымын шын жүректен мерекемен құттықтай отырып, 7-наурыз күні өтетін «Сен сұлу» мерекелік концертіне шақырамыз!

Мерекелік концерттен кейін 90-жылдар стиліндегі кеш болады.

Мектеп АКТ залы

Қойылатын талаптар:

•Мерекелік концертте тек қыздар отыра алады;

•Оқушылар дресс-код сақтаулары қажет;

• Тәртіп бұзылған жағдайда, оқушы кешті босатады;

❣Ұйымдастырушылар:

Мектеп президенті & Мектебіміздің ұлдары

https://www.instagram.com/p/CpcvH4zD4sX/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==



Тұрмыстық қатты қалдықтар (ТҚҚ) қайта өндеу бүкіл әлемге танымал тақырып болып табылады. Ол тақырып біз үшін де өте маңызды. Сондықтан осы тақырыпқа байланысты проект бастадық.

Проекттің мақсаты ескі қағазды өндеу арқылы жаңа қағазды өз қолдарымызбен жасау. Проекттің бірінші қадамы : Макулатура жинау. Екінші қадамы : бірнеше адам ескі қағазды өндеу. Үшінші қадам : ол қағаздан пайда табу.

Түсіндіре кетсе, бірінші қадамнан кейін біз қағазды өндеу және жасау экспериментіне оқушыларды шақырамыз (7-11 сыныптардан). Ал одан кейін, ол қағаздан өзіңіз үшін блокноттар немесе қалайтын заттарыңызды жасау.

Макулатураны 213 немесе 221 кабинетке жинайтын боламыз. Макулатураны 26 сәуірге дейін жинамыз

https://www.instagram.com/p/CrWFsD6IPGC/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==




Құрметті Қазақстан республикасының ер азаматтары!

Сіздерді 7 мамыр — Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметте айтулы үлес қосқанын біз әрқашанда мақтан тұтамыз.

Еліміздің өркендеуі жолында атқарып жатқан игі қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, мол бақыт және бейбіт ғұмыр тілейміз.

https://www.instagram.com/reel/Cr7lvKtouxV/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==


76 SCHOOL-LYCEUM
ФУТБОЛ
ТУРНИРІ
9-10-11 СЫНЫПТАР
ОЙЫНШЫ САНЫ: 5+1
ОЙЫН ҰЗЫҚТЫҒЫ: 2 ТАЙМ,
1 ТАЙМ 5 МИНУТТАН
ӨТІНІШ +77767697820
НӨМЕРІНЕ ЖІБЕРІЛЕДІ
12.05.2023
БАСТАЛУ УАҚЫТЫ - 12:00


76 SCHOOL-LYCEUM
ФУТБОЛ
ТУРНИРІ
6-7-8 СЫНЫПТАР
ОЙЫНШЫ САНЫ: 5+1
ОЙЫН ҰЗЫҚТЫҒЫ: 2 ТАЙМ,
1 ТАЙМ 5 МИНУТТАН
ӨТІНІШ +77767697820
НӨМЕРІНЕ ЖІБЕРІЛЕДІ
13.05.2023
БАСТАЛУ УАҚЫТЫ - 11:00
ПАРЛАМЕНТ & АДАЛ ҰРПАҚ